



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л. Н. ГУМИЛЁВА



«ЖАСТАР»
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ
ЦЕНТР «МОЛОДЕЖЬ»



ЖАСТАРҒА МЕЙІРІМДІ МЕКЕН ИНДЕКС БЛАГОПОЛУЧИЯ МОЛОДЕЖИ

АСТАНА - 2016

«ЖАСТАРҒА МЕЙІРІМДІ
МЕКЕН» ЖАСТАРДЫҢ
ӘЛ-АУҚАТ ИНДЕКСІ
АСТАНА, 2016

ИНДЕКС БЛАГОПОЛУЧИЯ
МОЛОДЕЖИ «ЖАСТАРҒА
МЕЙІРІМДІ МЕКЕН»
АСТАНА, 2016

«ЖАСТАРҒА МЕЙІРІМДІ МЕКЕН» ЖАСТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТ ИНДЕКСІ

61 БЕТ. АСТАНА, 2016

Жарияланым Қазақстан Республикасындағы «Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексін есептеу әдістемесінің толық сипаттамасын қамтиды.

Әдіснаманы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша, Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) қолдауымен, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы әзірлеген.

Басылым тегін таратылады. Ақпаратты қайта басып шығару, дәйексөз алу және өзгеше пайдалану жағдайында аталмыш жарияланымға сілтеме жасау міндетті.

ИНДЕКС БЛАГОПОЛУЧИЯ МОЛОДЕЖИ «ЖАСТАРҒА МЕЙІРІМДІ МЕКЕН»

61 СТР. АСТАНА, 2016

Публикация содержит подробное описание методики расчета индекса благополучия молодежи «Жастарға мейірімді мекен» в Республике Казахстан.

Методология расчета разработана научно — исследовательским центром «Молодежь» по заказу Министерства образования и науки Республики Казахстан при поддержке Детского фонда ООН (ЮНИСЕФ) в Казахстане.

Издание распространяется бесплатно. При перепечатке, цитировании и ином использовании информации ссылка на данную публикацию обязательна.

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	4
КІРІСПЕ.....	5
«ЖАСТАРҒА МЕЙІРІМДІ МЕКЕН» ЖАСТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТ ИНДЕКСІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ.....	6
«ЖАСТАРҒА МЕЙІРІМДІ МЕКЕН» ЖАСТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТ ИНДЕКСІН ӘЗІРЛЕУ БАСТАМАСЫНЫҢ ТАРИХЫ	7
«ЖАСТАРҒА МЕЙІРІМДІ МЕКЕН» ЖАСТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТ ИНДЕКСІН ЕСЕПТЕУГЕ ӨҢІРЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ.....	10
«ЖАСТАРҒА МЕЙІРІМДІ МЕКЕН» ЖАСТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТ ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМЫ	10
«ЖАСТАРҒА МЕЙІРІМДІ МЕКЕН» ЖАСТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТ ИНДЕКСІНІҢ ТАҢДАП АЛЫНҒАН ИНДИКАТОРЛАРДЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ	22
«ЖАСТАРҒА МЕЙІРІМДІ МЕКЕН» ЖАСТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТ ИНДЕКСІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ	24
«ЖАСТАРҒА МЕЙІРІМДІ МЕКЕН» ЖАСТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТ ИНДЕКСІНІҢ ИНДИКАТОРЛАРЫН АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ СҰРАҚТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ	26

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ҚР БҒМ - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

БҰҰ — Біріккен Ұлттар Ұйымы

ҒЗО — Ғылыми-зерттеу орталығы

ЮНИСЕФ — БҰҰ Балалар қоры

ЖРО — Жастар ресурстық орталығы

ЖСМБ — Жастар саясатының мәселелері жөніндегі басқарма

ІСБ — Ішкі саясат бөлімі

ЖДИ — Жастардың даму индексі

ЖӘИ — Жастардың әл-ауқат индексі

Кіріспе

«Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексі өңірлік деңгейде есептеледі және өңірде жастарға жасалған жағдайларды бағалау үшін қызмет атқарады. Бағалау — бұл мемлекеттік жастар саясаты шеңберіндегі қызмет туралы, оның сипаттамалары мен нәтижелері туралы ақпаратты жүйелі түрде жинау. Бағалау басқару функцияларының бірі болып табылады және жастар саясатын іске асыру барысы мен оның нәтижелерін бақылау да, жаңа ақпаратты алуды да көздейді. Индикаторды есептеу саясаткерлерге, жастар секторының қызметкерлеріне және жастарға қандай да бір саладағы белгілі бір уақыттан кейін орын алған жақсару немесе нашарлау аймағын өлшеуге, ахуалды талдауға және ойластырылған әрі негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

«Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексі мынадай бес қосалқы индексті қамтиды:

- экономикалық әл-ауқат;
- денсаулық және салауатты өмір салты;
- білім және бос уақыт;
- қауіпсіздік және қорғалғандық;
- оң үлес қосу және қатысу.

Қосалқы индекстер жалпы ахуалды сипаттайды, жиынтықтағы мәліметтерді қамтиды және жастардың өміріндегі әр уақытта орын алған объективті (көрсеткіштерде өлшенген жағдайда, субъективті) өзгерістерді атап көрсетеді. Сондай-ақ, жастардың әл-ауқат индексі және оның бес қосалқы индексі әртүрлі өңірлердегі жастар ортасының ахуалын салыстыруға мүмкіндік береді, бұл қазіргі бар мәселелерді және мүмкіндіктерді талқылауға, өңірлер арасында тәжірибемен алмасуға мүмкіндік береді, жастар саясатын іске асыруға жауапты мемлекеттік органдарды өздерінің жұмыс тиімділігін жоғарылатыуға ынталандырады.

«Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексі дегеніміз не

Таңдалған бес қосалқы индекстер мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарын қамтиды, бұл, жалпы алғанда, оның іске асырылуының тиімділігі туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, аталған бес аспектілер жастардың әл-ауқаты мен

даму деңгейін өлшейтін халықаралық индекстерге сәйкес болып табылады, бұл әлем елдері жастарының әл-ауқаттылығын салыстырмалы талдауға қатысуға мүмкіндік береді.

1-кесте.

«Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексінің құрамы

№	Қосалқы индекс	Сипаттама
1	Экономикалық әл-ауқат	Жастардың еңбекке тарту, кәсіпкерлікпен айналысу, өзінің бизнесін құру саласында табысқа қол жеткізуге мүмкіндіктері бар. Жастар қолжетімді баспана алу, өздігінен өмір сүру үшін мүмкіндік алу арқылы әлеуметтік тәуелсіздікке қол жеткізеді.
2	Денсаулық және салауатты өмір салты	Жастар физикалық тұрғыдан, ақыл-ойы, жыныстық және эмоционалдық тұрғыдан сау. Жұқпалы аурулар, өлім, өз-өзіне қол жұмсаушылық және заңсыз препараттарды пайдалану деңгейі төмен.
3	Білім және бос уақыт	Жастар формалды, қосымша және формалды емес білім алу және оқу, сонымен қатар, тренингтік бағдарламалар, кәсіптік-техникалық курстар, кәсіптік бағдарлау арқылы табысқа қол жеткізеді. Жастардың өздерінің бос уақыттарын қызықты, алуан түрлі әрі пайдалы өткізу мүмкіндіктері бар.
4	Қауіпсіздік және қорғалғандық	Жастардың өмірінде зорлыққа және қауіп-қатерге орын жоқ, кездейсоқ өлімнің және жарақаттанудың алдын алуға болады. Жастар бұзақылықтан, әлеуметке қарсы мінез-құлықтан және олардың физикалық, жеке тұлғалық, биографиялық ерекшеліктері мен таңдауына қатысты кемсітушіліктен қорғалған.
5	Оң үлес қосу және қатысу	Жастар қоғамға оң үлес қосуға және осылай жергілікті және облыстық деңгейде жалғастыру үшін қолдау алуға ынталы. Жастар оларды бағалайтындықтарын, оларға құлақ асатындықтарын және өмірлеріне әсер ететін шешімдерді қабылдау үдерісіне тартылатындықтарын сезінеді.

Индекстер жастарға қызмет көрсететін, жекелеген жастар саясаты институттары мен қызметтерінің жауапкершілігін айқындауға пайдаланылмайды. Көрсеткіштердің мәндері көптеген факторларға және жастар саясатының түрлі қатысушыларының тиімділігіне тәуелді. Кейбір факторлар жергілікті биліктің

бақылау аясына кірмейді, және де көрсеткіштерді бағалау кезінде келесі сұраққа сүйену қажет: Біз нені өзгерте аламыз, біз неге әсер ете аламыз?

Жастар саясатының жекелеген институттарының қызметін, жобалары мен бағдарламаларын бағалау үшін олардың тиімділігін бағалаудың өз жүйесі әзір-

ленуде. Ол жастар саласындағы ахуалдың функционалдық талдауын жүргізуге, барынша үздік даму және өзара әрекеттесу стратегиясын анықтауға мүмкіндік беретін, осы жалпыланған көрсеткіштерге қосымша болуы тиіс. Сонымен бірге, жалпыланған индекс түпкі нәтижеге назар аударуға және үдерістің барлық қатысушылары үшін ағымдағы ахуалға және оның келешегіне ортақ көзқарасты құруға мүмкіндік беретін, маңызды бағдар болып қалады.

Бес бағыт бойынша қосалқы индекстер әрбір өңір үшін ағымдық басымдықтарды анықтауға, өңіраралық өзара әрекеттесуде қолда бар әлеуетті пайдалануға, қажет жерлерде қажетті ресурстарды іске қосуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, жастар саясаты жастардың, олардың отбасыларының өмірлерінің және жалпы қоғамның жақсаруын талап ететін, мемлекеттік бағдарламалардың «көпшілігінің бірі» ретінде қарастырылуы тиіс екендігін түсіну маңызды. Жергілікті, обылстық және

ұлттық деңгейдегі сектораралық жастар саясаты қоғамның және еліміздің дамуына бағытталған басқа да стратегиялар мен жоспарларды толықтыруы тиіс.

Өңірдіегі жастар саясатының іске асырылуын бағалау кезіндегі жүйелік тәсіл тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, жергілікті деңгейден бастап республикалық деңгейдегі, барлық деңгейлердегі жастардың қажеттіліктеріне бағдарланған, сонда қабылданып жатқан шаралардан жағымды әсер мультипликативті сипатқа ие болады, қоғам өмірінің әртүрлі салаларына оң әсер тигізетін болады.

Жалпы, «Жастаға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексін енгізу қоғамның өзін-өзі ұйымдастыру үдерістерін белсендендіруге, «Мәңгілік ел» және «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» идеяларының құндылықтарын қолданушылардың болашақта біртұтас ұлтын қалыптастыруға қатысты, қоғамның бес институционалдық реформаларының мақсаттары мен міндеттеріне толықтай сәйкес келеді.

«Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексін әзірлеу бастамасының тарихы

2015 жыл Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты саласындағы түбегейлі өзгерістермен аталып өтті. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР-ның жаңа Заңы қабылданды, жастар ресурстық орталықтары, барлық деңгейдегі әкімдіктер жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестер туралы үлгілік ережелер бекітілді. Еліміз бойынша жастармен жұмыс жасау бойынша 200 жастар ресурстық орталықтары әрекет етеді.

Сондай-ақ, 2016 жылдан бастап «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асырудың екінші кезеңі басталады.

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жастармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік материалдар топтамасын және жастардың әл-ауқатын бағалау жүйесін әзірлеген, олар МЖС негізгі институттарының қызметін, жалпы жастар саясатының тиімділігі мен жүйелілігін жоғарылатуға бағытталған.

Ғылыми және әдістемелік әзірлемелерді апробациялау мақсатында және өңірлердің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, әдістемелік ұсыныстар мен бағалау жүйесі сынамалы режимде іске асырылатын қалалар мен аудандар анықталды. Аталмыш аумақтар әрі қарай өз өңірлерінде жастар саясатын дамытуда алдыңғы қатарда болуы тиіс.

Жобаға қосылған қатысушы аумақтар бірегей желі құрады, оның шеңберінде бір-бірімен тығыз өзара әрекеттесе отырып, бірдей мақсаттар мен бірдей міндеттерді қуалай отырып, қысқа мерзімде өз өңірлерінде жастармен жұмыс жасаудың үздік тәжірибелерін жинақтап, оны ендіре алатын болады, әрі желінің басқа қатысушыларына қолдау көрсете отырып, бүкіл жобаның жалпы тиімділін жоғарылататын болады.

«Жастарға мейірімді мекен» атауға ие болған сынамалы жобаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен, Қазақстан жастарының конгресі, Жастар саясаты басқармасы және өңірлердің ішкі саясаты бөлімдері, республика қалалары мен аудандарының әкімдіктерімен бірлесе отырып, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы іске асырады.

Жобаның мақсаты — барлық жастар саясаты институттарының қызметіндегі жүйелілікті қамтамасыз ету, еліміздің барлық қалалары мен аудандарында МЖС-ның іске асырылу тиімділігін жоғарылату.

Жобаның міндеттері:

1) мемлекеттік жастар саясаты саласындағы ғылыми және әдістемелік әзірлемелерді және бағалау жүйесін апробациялау, оларды әрі қарай еліміздің барлық өңірлерінде толық ауқымды түрде ендіру;

2) мемлекеттік жастар саясаты институттарының қызметкерлерінің құзыреттілік пен кәсібилілік деңгейін және жастар ресурстық орталықтары мен жастарға арналған әлеуметтік қызметтер жастарға көрсететін қызметтерінің сапасын жоғарылату;

3) ЖРО қызметкерлерін ынталандырудың тиімді жүйесін енгізу, ЖРО қызметкерлерінің арасынан жастар саясаты бапкерлерінің пулын қалыптастыру;

4) ЖРО, ЖСБ, ІСБ, әкімдіктер жанындағы Жастар істері жөніндегі кеңестердің, жастар ұйымдарының өзара әрекеттесуінің тиімді механизмдерін жетілдіру, жергілікті деңгейде мемлекеттік жастар саясаты саласындағы ведомствоаралық және сектораралық өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету;

5) қалалық және аудандық жас қазақстандықтардың мұқтаждықтарын ескере отырып, стратегиялық жоспарды әзірлеу, барлық мүдделі тараптардың қатысуымен стратегияны жобалық тұрғыдан толтыру;

6) жастар ұйымдарын, волонтерлық және клубтық қозғалысты, жастардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту, жастардың өзін-өзі ұйымдастыру үдерістерін белсендендіру;

7) жастар саясаты жобаларының өзіндік өтелімділігін қамтамасыз ету, аталған саланың инвестициялық тартымдылығын өсіру.

Жобаның іске асыру қағидаттары:

1) сынамалы желінің барлық қатысушыларының мүдделері мен мұқтаждықтарын есепке алу;

2) стратегияны және қалалар мен аудандардың маңызды жастар жобаларын әзірлеуге және оны іске асыруға жастардың өздерінің қатысуы;

3) мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғам институттары мен бизнес өкілдерінің өзара әрекеттесуі;

4) ақпараттық ашықтық, қолжетімділік;

5) қалалар мен аудандарда жастар саясатының іске асырылу нәтижелерін бағалаудың тәуелсіздігі.

Жобаның негізгі нәтижесі болып, 2018 жылға қарай ел ауқымында құрылған, мемлекеттік жастар саясатының біртұтас моделі болуы тиіс, онда әрбір қатысушы өз рөлін ұғына отырып, басқа қатысушылармен өзара әрекеттесу арқылы өзінің дамуына қажет барлық механизмдерді меңгерген. Жүйелі жұмыс пен үздіксіз идеялармен және қызмет нәтижелерімен алмасу жалпы жастар саясаты тиімділігінің өсуін қамтамасыз етеді.

Мұндай деңгейдегі жобаның сапалы іске асырылуы үшін барлық мүдделі тараптардың күш-жігрелерін біріктіру, халықаралық тәжірибені қолдану және жастар саясаты саласындағы шетелдік сарапшыларды тарту қажет. Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілділігімен ынтымақтастық, ең алдымен, жастар саясатының іске асырылуының тиімділігін бағалау саласындағы ынтымақтастық бұл мәселені шешуге мүмкіндік берді.

Жастардың әл-ауқаты мен даму деңгейін өлшейтін, әлем елдеріндегі жастардың әл-ауқаттылығын салыстырмалы талдау жүргізетін, халықаралық индекстер жақында пайда болды. Жастардың даму индексі (ЖДИ) 2013 жылдың қыркүйек айында, ал Жастардың әл-ауқат индексі (ЖӘИ) 2014 жылдың сәуір айында жарияланды. Олар жастардың әл-ауқаты мен дамуының негізгі салалары бойынша сандық және сапалық мәліметтерін талдайтын жиынтық индекстер болып табылады. Индекстердің нәтижелері жастар саясатын әзірлеу, іске асыру және бағалау кезінде ескерілуі тиіс.

2014 жылы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілділігімен бірлесіп отырып, және Қазақстан Республикасы Парламенті

Мәжілісінің қолдауымен, жастармен өткізілген ұлттық онлайн-кеңестердің нәтижелері бойынша, Қазақстан жастарының әл-ауқаты мен даму индексін есептеді. Жастардың әл-ауқат индексі бойынша Қазақстанның бағасы 1,00-ден 0,59-ды құрады, бұл ЖДИ мәні бойынша елдерді саралау кезінде бірінші ондыққа кіруге мүмкіндік береді, бұл көрсеткіш табыс деңгейі орташадан жоғары елдердің көбісінен жақсырақ. Қазақстан нәтижелерін тікелей салыстыруға болмаса да, 31 елдің арасында индикативті 10-шы орын (Таиланд және Вьетнам мәнімен бірдей) оң болып табылады, сонымен қатар, рейтингтегі 1-ші орыннан 9-шы орынға дейінгі елдер табыс деңгейі жоғары елдер болды. Жалпы алғанда, Қазақстан табыс деңгейі салыстырмалы бірдей елдердің барлығын озып шықты, ал кейбір санаттар бойынша нәтижелер табыс деңгейі жоғары елдер — Алмания және Жапониямен бірдей немесе оларан жақсы болып шықты. Бұл білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы айтарлықтай жоғары бағалармен шартталған. Сондай-ақ, бұл нәтижелер Қазақстанның Жастардың даму индексі бойынша бағасымен арақатынас орнатуда, онда Қазақстан 170 елдің арасында 27-ші орынды иеленіп отыр. Білім беру мен денсаулық сақтау бойынша жоғары көрсеткіштер бұл салаларға қаражат құюды жалғастыру қажет екендігін айтады, бірақ жоғары баға алған санаттар бойынша әлсіз жерлер де атап өтіледі. Білім беру санаты бойынша мәnniң төмендеуі үшінші білім беру ұйымдарына түсудің төмен қарқынына байланысты. Жастардың едәуір бөлігі дұрыс тамақтанып, салауатты өмір салтын ұстану маңызды деп ойлағанымен, Қазақстан денсаулық санаты бойынша 31 елдің арасында Иордания, Қытай және Вьетнам секілді елдерге орын беріп, 20-шы болып тұр. Бұл Қазақстанға ахуалды жақсартуға шаралар қабылдау, оның ішінде жастар арасындағы жарақаттанушылық пен өз-өзіне қол жұмсаушылық деңгейін төмендету қажет екендігін білдіреді. ЖӘИ бағасы жақсартуды қажет ететін бірқатар салаларды айқындайды. Айта кетерлігі, азаматтық белсенділік бойынша Қазақстанның көрсеткіштері төмен болып табылады, және де басқа елдермен салыстырғанда индекс тізімнің төмен бөлігінде орналасқан. «Цифрлық қолданушылардың» болмашы саны, басқа елдермен салыстырғанда, Қазақстанның АКТ бойынша көрсеткішін төмендетеді. Ал қауіпсіздік пен қорғалғандық мәні санат бойынша орташаға жақын болғанымен, Қазақстанның жалпы көрсеткіші табыс деңгейі орташадан жоғары елдер-

ден гөрі, сондай-ақ, табыс деңгейі орташадан төмен және төмен деңгейі бар кейбір елдерден де төмен болып табылады.

Қазақстанға азаматтардың негізгі құқықтарын қорғауға қатысты шаралар қабылдау қажет. Жастармен ұлттық онлайн-кеңестер жастардың өмірі мен шынайы ахуалына шолу болып табылады. Мысалы, жастардың жауаптары ЖӘИ мен ЖДИ-де көрсетілген азаматтық қатысушылықтың төмен көрсеткіштерінің себебіне қосымша дәйектер қосады. Тек болмашы респонденттер саны, үкімет олардың тілектері мен мұқтаждықтарының қамын ойлайды деп санайды, ал жартысы дерлік, жастар қоғамда жетерлікті түрде құрметке ие екендігіне сенбейді. Жалпы құқықтық институттарға жастардың сенімі төмен, респонденттердің үштен бір бөлігі өз пікірлерін көпшілік алдында айта алмаймыз деп санайды, және де волонтерлық қозғалыс пен азаматтық белсенділіктің төмен деңгейі аталып өтілуде.

Жастардың әл-ауқат индексі Қазақстандағы жастардың жағдайына жан-жақты көқарас болып табылады. Алайда, бұл индекс тек жалпы қолайлы көріністі көрсетеді, бірақ санаттар бойынша көрсеткіштерді жақсарту қажет. Қазақстанда, еліміздің жастарының барлығына жағымды әсер ететін саясатты жүзеге асыру есебінен, жастардың әл-ауқат индексінің мәнін жоғарылату әлеуеті жеткілікті.

Жастардың әл-ауқаты мен дамуының халықаралық индекстерін есептеуге қатысу тәжірибесі «Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексін әзірлеуде есепке алынды, және де «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы мен Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілділігінің бірлескен жұмысының нәтижесі болып табылады. Осылайша, өңірлік деңгейде жастар саясатының іске асырылуының мониторингі мен талдауын жүргізуге мүмкіндік беретін құрал пайда болды, әрі ол барлық МЖС институттарының қызметін, сонымен қатар жастар саясаты саласындағы жобалар мен бағдарламаларды бағалау жүйесін әзірлеу үшін негіз болады.

«Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексін есептеуге өңірлердің қатысуы

2016 жылы жастардың әл-ауқат индексі сынамалы түрде Қазақстанның бірнеше өңірлерінде есептелетін болады. Сонымен бірге, сынамалы өңірлер үшін «Жастарға мейірімді мекен» жастардың бірыңғай әл-ауқаты индексіне сәйкес келтірілетін, барлық жастар саясаты институттарының тиімділік көрсеткіштері әзірленетін болады. Сондай-ақ, бүгінгі таңда жастар саясатының түйінді субъектісі болып табылатын және жастарға деген атаулы көзқарасты қамтамасыз етуге, жастардың өзін-өзі басқару мен өзін-өзі ұйымдастыруын белсендендіру алаңын және шарттарын құруға бағытталған, жастар ресурстық орталығының тиімді моделі енгізілетін болады. Жастар ресурстық орталықтарының қызметін және олардың қызмет бағыттарын бағалау жүйесі де

жастардың әл-ауқат индексіне сәйкес келтірілетін болады, бұл жастар саясатын іске асыруға жауапты мемлекеттік органдарға да, жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлеріне де жастар ортасындағы ахуалдың өзгеруіне икемді әрі тиімді жауап беруге мүмкіндік береді. Бұл жастар саясатын іске асырылуының мониторингі мен талдауында және оның тиімділігін жоғарылатуда жүйелік тәсілді жүзеге асыруға, жастар саясатының барлық қатысушылары үшін әрбір жас адам маңызды әрі өзінің дамуы мен әл-ауқаты үшін қажеттінің барлығына ала алатындай, мақсаттар мен нәтижелердің бірыңғай көрінісін қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2017 жылдан бастап аталмыш жұмысқа Қазақстанның барлық өңірлерін қосу жоспарлануда.

«Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексінің құрамы

«Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексінің құрамына 5 бағыт бойынша көрсеткіштер кіреді, олар өз кезегінде қосалқы индексстерге дестеледі: экономикалық әл-ауқат, денсаулық және салауатты өмір салты, білім және бос уақыт, қауіпсіздік

және қорғалғандық, оң үлес қосу және қатысу. Көрсеткіштер статистикалық мәліметтер мен әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелері болып табылады. 2-кестеде ақпарат көзі мен мәліметтерді ұсынуға жауапты құрылымдар көрсетілген.

2-кесте.

«Жастарға мейірімді мекен» өңірлердегі жастардың әл-ауқат индексі

Қосалқы индекс	1. Экономикалық әл-ауқат		
№	Индикатордың атауы	Ақпарат көзі	Жауапты құрылымдар
Нәтиже	1.1. Жастар дербес баспана мен өмірге қол жеткізе алады		
1	Есептік кезеңдегі баспанамен қамтамасыз етілген жастардың %-ы (баспана сұраған жастардың жалпы санынан)	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
2	«Дипломмен ауылға» жобасының шеңберінде баспана алуға несие алған жастардың %-ы мен үлесі	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
3	ТҮҚЖБ, «ҚИК» ИҰ» АҚ, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры желілері бойынша баспана алуға несие алған жастардың %-ы мен үлесі	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
4	Жастардың баспанамен (жалға алынған, жеке меншік) қамтамасыз етілуі	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
Нәтиже	1.2. Жастар жұмысқа орналаса алады		
1	Жастардың жалпы санынан NEET жастарының үлесі (15-28 жас аралығы)	Статистикалық мәліметтер	ҚР Статистика комитеті
2	«Жасыл Ел» бағдарламасы шеңберінде тартылған жастардың %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
3	Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі	Статистикалық мәліметтер	ҚР Статистика комитеті
4	Жастардың өз мансабын еркін таңдау мүмкіндігі	Әлеуметтік сауалнама (Сіз өз мансабыңызды еркін таңдай алам деп санайсыз ба?)	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
5	Жастардың жұмысты ерікті таңдауындағы кедергілер	Әлеуметтік сауалнама (Сіздің мансабыңызды еркін таңдауда қандай кедергілер бар?)	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
Нәтиже	1.3. Жастар өз кәсіпкерлігін бастай алады		
1	Нәтижелі жұмыс басты жастардың саны және %-ы	Статистикалық мәліметтер	ҚР Статистика комитеті

2	Кәсіпкерлік негіздерін оқыған, сертификатталған жас кәсіпкерлердің саны және %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
3	Жастар арасындағы кәсіпкерлік белсенділіктің деңгейі	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
Нәтиже	1.4. Жастар кедейліктен және табыстың төмен деңгейінен еркін, үй шаруашылығында тұрады		
1	Жастар кедейліктен еркін	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
2	Материалдық әл-ауқаты деңгейі	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
Қосалқы индекс	2. Денсаулық және салауатты өмір салты		
№	Индикатордың атауы	Ақпараткөзі	Жауапты құрылымдар
Нәтиже	2.1. Жастар ақыл-ойы және физикалық тұрғыда сау		
1	Туберкулезден өлу деңгейінің төмендеуі: бір жыл ішіндегі жаңа жағдайлардың саны 100 000 жастар арасындағы ауруға шалдығу 100 000 жастар арасындағы жаңа жағдайлар саны	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
2	Мүмкіндіктері шектеулі жастардың үлесі	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
3	100 000 жастар арасындағы өз-өзіне қол жұмсаудан өлу коэффициенті	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
4	Жастарды салауатты өмір салтына нұсқау	Әлеуметтік сауалнама Сіз төмендегі тұжырымдармен келісесіз бе: (Мүлдем келіспеймін/ Бүтіндей келіспеймін/ Жартылай келісемін/ Толығымен келісемін/ Жауап беруге қиналамын) «Мен үшін қазір дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты маңызды»	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері

5	Жастар арасындағы күйзелістің деңгейі	Әлеуметтік сауалнама Сіз төмендегі тұжырымдармен келісесіз бе: (Мүлдем келіспеймін/ Бүтіндей келіспеймін/ Жартылай келісемін/ Толығымен келісемін/Жауап беруге қиналамын) «Менің өмірім күйзеліске толы»	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
Нәтиже	2.2. Жастар жыныстық тұрғыда сау		
1	АИВ-індеті бар жастардың саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
2	Жыныстық жолмен жұқтырып алған жастардың саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
3	Жастар арасында түсік жасату саны	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
4	Жас отбасылар арасындағы ажырасу саны	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
Нәтиже	2.3. Жас адамдар физикалық тұрғыда белсенді		
1	Спорттық алаңдардың саны	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
2	Спорттық секцияларға баратын жастардың саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
3	Жастар спорттық секцияларға жиі барады (аптасына кемінде 3 рет)	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
4	Жастар спортпен тұрақты түрде шұғылданады (күн сайын кемінде 1 сағат)	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
Нәтиже	2.4. Жастар есірткіге, алкогольге, шылым шегуге қатысты дұрыс таңдау жасайды		
1	Есірткі қолданатын жастардың саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
2	Токсикоманиясы бар жастардың саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
3	Араққұмар жастардың саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
4	Тыйым салынған есірткілерді қолданатын жастардың үлесі	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар

5	Жастар арасындағы шылым шегу	Әлеуметтік сауалнама («Сіз өткен айда шылым шектіңіз бе?» сауалнамаға қатысушылардың пайызы)	ЖРО/ ІЖСБ/ FЗО/ басқа ақпарат көздері
Қосалқы индекс	3. Білім және бос уақыт		
№	Индикатордың атауы	Ақпараткөзі	Жауапты құрылымдар
Нәтиже	3.1. Жастар орта мектепте оқытудың ұлттық стандарттарына қол жеткізеді		
1	ҰБТ-да қажетті ұпай алған оқушылардың саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
2	Жастардың мектеппен қанағаттанушылығы	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ FЗО/ басқа ақпарат көздері
Нәтиже	3.2. Жастар сапалы кәсіби білім мен даярлық алады		
1	ТКТ бойынша қажетті ұпай алған оқушылардың саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
2	Жұмысқа орналасқан ТКБ түлектерінің саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
Нәтиже	3.3. Жастар өз келешегіне сенімді		
1	Жастар ертеңгі күніне сенімді	Әлеуметтік сауалнама Ересек бола отырып, Сіздің өміріңіз ата-анаңыздың өмірімен салыстырғанда қандай болады деп ойлайсыз?	ЖРО/ ІЖСБ/ FЗО/ басқа ақпарат көздері
Нәтиже	3.4. Жастар бос уақыты мен көңіл көтеретін іс-шаралардан рахат алады		
1	Шығармашылық үйірмелеріне баратын жастардың %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
2	Бос уақытты өткізу іс-шараларымен қанағаттанушылық деңгейі	Әлеуметтік сауалнама Сіз келесі іс-шараларға қанша рет қатыстыңыз Бос уақытты өткізу іс-шараларына жұмсаған жалпы уақытты бағалау	ЖРО/ ІЖСБ/ FЗО/ басқа ақпарат көздері
Қосалқы индекс	4. Қауіпсіздік және қорғалғандық		
№	Индикатордың атауы	Ақпараткөзі	Жауапты құрылымдар
Нәтиже	4.1. Жастар зорлықтан және зияннан қорғалған		
1	Қылмыстардың құрбаны болған жастардың саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар

2	Жетімдер мен ата-ананың камқорлығынсыз қалған балалардың саны	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
3	Қауіпсіздік мәселелерінде жастардың көңіл-күй деңгейі	Әлеуметтік сауалнама (Жастар өздерін қаншалықты қауіпсіз және қорғалған болып сезінеді)	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
Нәтиже	4.2. Жастар кездейсоқ өлім мен жарақаттардан қорғалған		
1	Жазатайым жағдайлардың (жарақаттар, кездейсоқ улану, ЖКО) нәтижесінде қайтыс болғандардың саны және жастардың өлу деңгейі	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
Нәтиже	4.3. Жастар жәбірленуден және кемсітуден қорғалған		
1	Жәбірленген және булингке ұшыраған жастар	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
Нәтиже	4.4. Жастар әртүрлі мәдениеттерді, діндерді және елдерді құрметтейді		
1	Кемсітушілікке ұшыраған жастардың саны мен %-ы	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
2	Қазақ тілі мен мәдениетін білу деңгейі	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
3	Отансүйгіштік деңгейі	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
4	Жастардың діндік ахуалмен қанағаттанушылық деңгейі	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
5	Ауызбіршілік деңгейі	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
6	Өткізіліп жатқан мемлекеттік жастар саясатымен қанағаттанушылық деңгейі	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
Қосалқы индекс	5. Оң үлес қосу және қатысу		
№	Индикатордың атауы	Ақпараткөзі	Жауапты құрылымдар
Нәтиже	5.1. Жастар қоғамның белсенді мүшелері		
1	Әрекет ететін жастар ұйымдарының саны	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
2	Волонтерлық қозғалыспен айналысатын жастардың саны мен %-ы (айына 1 реттен көп)	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
3	Балаларға және жастарға қызметтер ұсынатын ҮЕҰ саны	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар

Нәтиже	5.2. Жастар шешім қабылдау үдерісіне тартылған		
1	Барлық деңгейдегі мәслихаттардың жас депутаттарының саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
2	Жас мемлекеттік қызметкерлердің саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
3	Жетекші лауазымдағы жастардың саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
4	Жастар кеңестерінің (ЖІК) және мектеп кеңестерінің саны	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
Нәтиже	5.3. Жастар шешім қабылдайтын адамдардың оларға құлақ салғандарын сезінеді		
1	Қоғамдық кеңестердің жұмысына қатысатын жастардың саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
2	БӘЖ жұмысына қатысатын жастардың саны мен %-ы	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
3	Жастар қабылданатын шешімдерге ықпалын тигізе алады	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері
Нәтиже	5.4. Жастар қылмыс жасаудан және қоғамға қарсы мінез-құлықтан ерікті жолды таңдайды		
1	Жастар жасаған, тіркелген қылмыстардың саны	Мекемелік статистикалық мәліметтер	Жергілікті атқарушы органдар
2	Жастардың әлеуметтік институттарға деген сенім дәрежесі	Әлеуметтік сауалнама	ЖРО/ ІЖСБ/ ҒЗО/ басқа ақпарат көздері

«Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексінің таңдап алынған индикаторлардың негіздемесі

Ұсынылатын жүйеде статистикалық мәліметтер мен әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері пайдаланылады. Индикаторларды таңдау кезінде мониторинг пен талдауға деген әртүрлі тәсілдерді тәжірибе жүзінде қолданудың қазақстандық та, халықаралық та тәжірибесі пайдаланылған.

Өңірдегі жастардың жағдайына мониторинг пен талдау жүргізу жүйесі мынадай өзара байланысты және өзара толықтырушы құрамдастарды қамтиды:

1. Жастардың құқықтарының іске асырылуында жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін бағалау.

Бағалау жүйесіне қосылған индикаторлар өңірдегі жергілікті үдерістерді және жастар мен олардың отбасыларының құқықтарын қамтамасыз ету жүйесін талдауға арналған. Бағалаудың түйінді құрамдасы болып өңірлердің статистикалық мәліметтерді жинау және талдау бойынша және басқарушылық шешімдерді қабылдауда талдамалық ақпаратты пайдалану бойынша әлеуетін нығайту болып табылады. Сонымен қатар, бағалау басымдықтарды айқындауға мүмкіндік береді: жаңа іс-әрекеттер жоспарын әзірлеу және жастардың мүдделері мақсатында қазіргі саясатты түзету; жастардың мұқтаждықтары мен құқықтарына жауап беретін құрылым мен үдерістердегі өзгерістер; қоғамның жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасында жастардың құқықтары туралы хабардарлық деңгейін жоғарылату. Бағалаудың маңызды мәні мынада – жергілікті билік органының түрлі бөлім өкілдерін жастардың құқықтарын өзектендіру мақсатында, сондай-ақ жастардың құқықтарының іске асырылуын үйлестіруді қамтамасыз ету үшін саясатты әзірлеу үдерісінде біріктіру мүмкіндігі болып табылады.

Билік органдарының қызметін бағалау индикаторлары мындай салаларды сипаттайды:

- жастардың кең ауқымын үдеріске қатысуға тарту үшін жергілікті бағдарламаларды әзірлеу;
- әлеуметтік қызметтер және қорғау;
- білім;
- демалыс және спорт;
- көлік;
- қоршаған орта;
- денсаулық сақтау;
- қалалық жоспарлау;
- төтенше жағдайлардағы дайындық пен оларға жауап қайтару.

2. *Салалық бағдарламалар мен іс-әрекеттер жоспарларының нәтижелерін бағалау.*

Бұл индикаторлар жүйесі талдауды жақсартуға, өңірлік деңгейде шешімдер қабылдау және мәліметтерді салыстыру мен талдау арқылы жоспарлау үдерісін қамтамасыз ету әрі өңірлік жұмыс жоспарларын әзірлеу мақсатында мәліметтерді түсіндіру, тарату және пайдалану.

Индикаторлар мынадай сыншарттар мен жағдайларға сәйкес болып табылады:

- аса дәл анықтамасы бар (тізімге қосу/тізімнен алып тастаумен қоса, алымы/бөлімі, мөлңметтерге қатысты жасы немесе жас кезеңі және т.с.с.);

- сенімді мәліметтер көзі бар;
- мониторинг жүргізілетін, барлық қалалар мен аудандарда белгілі бір уақыт аралығында қолжетімді әрі тұрақты болып табылады;
- түсіндірілуі біркелкі;
- мамандар, лауазымдық тұлғалар мен жалпы тұрғындар үшін түсінікті болып табылады.

Индикаторлар негізгі төрт облыстар бойынша топтастырылған: денсаулық; қауіпсіздік және қоршаған орта; әлеуметтік теңдік; білім. 3-кестеде әрбір индикаторды таңдаудың негізделуі берілген.

3. *Жастарға қатысты өңірдің ынтымақтастығы туралы олардың пікірін бағалау*

Аталмыш бағалау түрі 14-28 жас аралығындағы жастар арасындағы сауалнамаларға негізделген. Сұрақтар мынадай салалар бойынша әзірленген:

- Баспана
- Жұмысқа орналасу
- Кәсіпкерлік
- Әл-ауқаттылық
- Денсаулық
- Спорт
- Білім
- Көңіл-күй, қанағаттанушылық
- Қауіпсіздік
- Азаматтық белсенділік
- Отансүйгіштік
- Мәдени тұрғыдан даму

Әлеуметтік зерттеу жүргізетін ұйымға қойылатын талаптар:

1. Ұйым басшысының әлеуметтік білімі болуы тиіс.
2. Ұйым басшысы немесе жетекші қызметкерлер халықаралық кәсіби одақтардың (ESOMAR, ISA, WAPOR және т.б.) мүшелері болуы тиіс.
3. Ұйым қызметкерлерінің әлеуметтік білімі, ғылым докторлары, кандидаттары, магистрлер немесе Ph.D докторлар дәрежелері болуы тиіс.
4. Ұйым қызметкерлерінің әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері бойынша жарияланымдары болуы тиіс.
5. Штаттағы қызметкерлердің кемінде 70-80% – әлеуметтанушылар.
6. SPSS 21 нұсқасындағы лицензиялық бағдарламаның болуы.
7. Ұйым қызметкерлерінің әлеуметтік зерттеулерді жүргізудегі кемінде 3 жыл тәжірибесі болуы.

3-кесте.

«Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексінің таңдап алынған индикаторлардың негіздемесі

Қосалқы индекс	Экономикалық әл-ауқат	
№	Индикатордың атауы	Индикатордың мәні мен рөлі
Нәтиже	1.1. Жастар дербес баспана мен өмірге қол жеткізе алады	
1	Есептік кезеңдегі баспанамен қамтамасыз етілген жастардың %-ы (баспана сұраған жастардың жалпы санынан)	Баспана сұраған жастардың жалпы санынан баспанамен қамтамасыз етілген жастардың пайызы баспанадағы мұқтаждықты қанағаттандырудың бір аспектісін сипаттайды. Сондай-ақ, бұл көрсеткіш бойынша баспана сұраған адамдардың оны алу жылдамдығы туралы тұжырымдауға болады.
2	«Дипломмен ауылға» жобасының шеңберінде баспана алуға несие алған жастардың %-ы мен үлесі	«Дипломмен ауылға» жобасы өңірлердің дамуында маңызды рөл атқарады. Жас маман үшін баспана алу өңірде қалу туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады. «Дипломмен ауылға» жобасының шеңберінде баспана алуға несие алған жастардың %-ы мен үлесі бағдарламаға қатысатын жас мамандардың баспанадағы мұқтаждықтарының қанағаттандырылу дәрежесін сипаттайды.
3	ТҮҚЖБ, «ҚИК» ИҰ» АҚ, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры желілері бойынша баспана алуға несие алған жастардың %-ы мен үлесі	Несие алуға өтінім берген жастардан баспана алуға несие алған жастардың пайызы мен үлесі баспананы несиеге алуға ниетті жастардың арасында өз баспанасын алудағы мұқтаждықтарының қанағаттандырылу дәрежесін сипаттайды. Сондай-ақ, жастар үшін ипотекалық баспананың қолжетімдігін бағалауға болады.
4	Жастардың баспанамен (жалға алынған, жеке меншік) қамтамасыз етілуі	Әлеуметтік зерттеу жалпы жастардың жеке баспанамен қамтамасыз етілуін анықтауға мүмкіндік береді, бұл олардың дербестік дәрежесін және ата-аналарынан не туыстарынан тәуелсіздігін сипаттайды.
Нәтиже	1.2. Жастар жұмысқа орналаса алады	
1	Жастардың жалпы санынан NEET жастарының үлесі (15-28 жас аралығы)	NEET санатына ешқайда оқымайтын, ешқайда жұмыс істемейтін, біліктілігін арттырмайтын және де қалыптасқан жағдайды өзгертуге талпынбайтын жастар жатады. Бұл жастар үшін оны әлеуметтендіруге бағытталған арнайы бағдарламалар мен жобалар қажет. аталмыш индикатор өңірлік және республикалық деңгейде есептеледі, және де жастардың әлеуметтену дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.
2	«Жасыл Ел» бағдарламасы шеңберінде тартылған жастардың %-ы	«Жасыл Ел» бағдарламасы жастардың еңбек және экологиялық тұрғыдан тәрбиеленуіне септігін тигізеді, жастарды жазғы уақытта уақытша жұмыспен қамтамасыз етеді. Индикатор бұл бағдарламаға жастардың тартылуын сипаттайды.
3	Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі	Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі белгілі бір күні, есептік кезеңнің аяғында еңбек биржасында тіркелген, жұмыссыз жастардың үлесін көрсетеді. Жастардың жұмысбастылығының шынайы көрінісін алу үшін, бұл индикаторды NEET жастарының үлесімен бірге қарастырған жөн.

4	Жастардың өз мансабын еркін таңдау мүмкіндігі	Жастардың өз мансабын еркін таңдау мүмкіндігі бойынша әлеуметтік зерттеулер жастардың өз кәсіптерін таңдауы әрі өз әлеуеттерін іске асыруы үшін жағдайлардың жасалуын субъективті бағалауға мүмкіндік береді.
5	Жастардың жұмысты ерікті таңдауындағы кедергілер	Жастардың жұмысты ерікті таңдауындағы кедергілер бойынша әлеуметтік зерттеулер аталмыш ахуал салаларын айқындауға және жақсарту бойынша іс-шараларды алға қоюға мүмкіндік береді.
Нәтиже	1.3. Жастар өз кәсіпкерлігін бастай алады	
1	Нәтижелі жұмыс басты жастардың саны және %-ы	Нәтижелі жұмыс басты жастардың саны мен пайызы туралы статистикалық мәліметтер оның қоғамдық өндірістегі жұмысбастылығын көрсетеді. Индикатор жастардың әлеуметтену ауқымын – оқыған және жұмысқа орналасқан жастардың саны мен пайызын бағалауға мүмкіндік береді.
2	Кәсіпкерлік негіздерін оқыған, сертификатталған жас кәсіпкерлердің саны және %-ы	Индикатор жастар ортасында кәсіпкерліктің дамуу үшін жасалған жағдайларды сипаттайды.
3	Жастар арасындағы кәсіпкерлік белсенділіктің деңгейі	Жастар арасындағы кәсіпкерлік белсенділіктің деңгейі бойынша әлеуметтік зерттеу кәсіпкерлікпен айналысатын жастардың пайызын анықтауға көмектеседі. Бұл жастардың әлеуметтену, даму, дербес болу деңгейін бағалау үшін маңызды болып табылатын индикатор.
Нәтиже	1.4. Жастар кедейліктен және табыстың төмен деңгейінен еркін, үй шаруашылығында тұрады	
1	Жастар кедейліктен еркін	Әлеуметтік зерттеулердің негізіндегі индикатор жастардың материалдық тәуелсіздігін бағалауға көмектеседі.
2	Материалдық әл-ауқаты деңгейі	Әлеуметтік зерттеулердің негізіндегі индикатор жастардың өмір сүру деңгейін бағалауға көмектеседі, ол жас адамның өзіндік көзқарасын ғана емес, ата-анасының не туыстарының қолдауында қамтуы мүмкін.
Қосалқы индекс	2. Денсаулық және салауатты өмір салты	
№	Индикатордың атауы	Индикатордың мәні мен рөлі
Нәтиже	2.1. Жастар ақыл-ойы және физикалық тұрғыда сау	
1	Туберкулезден өлу деңгейінің төмендеуі: бір жыл ішіндегі жаңа жағдайлардың саны 100 000 жастар арасындағы ауруға шалдығу 100 000 жастар арасындағы жаңа жағдайлар саны	Туберкулезден өлу деңгейінің төмендеуі жастардың физикалық тұрғыдан дамуы үшін жағдайлардың, жастарға медициналық қызмет көрсету сапасының жақсаруы туралы мәлімет береді.
2	Мүмкіндіктері шектеулі жастардың үлесі	«Мүмкіндіктері шектеулі жастардың үлесі» индикаторы ерекше назарға және қолдауға мұқтаж жастардың пайызын бағалауға мүмкіндік береді.

3	100 000 жастар арасындағы өз-өзіне қол жұмсаудан өлу коэффициенті	Жастар арасындағы өз-өзіне қол жұмсаудан өлу коэффициенті жастардың психологиялық денсаулығының, олардың тұрақты өмірлік ұстанымының маңызды көрсеткіші болып табылады.
4	Жастарды салауатты өмір салтына нұсқау	Индикатор жастардың салауатты өмір салтына талпынысын сипайттайды, ол әрбір адамның өзін-өзі табысты іске асыруының, жалпы салауатты ұлттың қалыптасуының негізі болып табылады.
5	Жастар арасындағы күйзелістің деңгейі	Күйзеліс деңгейі жастар арасындағы эмоционалдық тұрақтылықтың, ертеңгі күнге деген сенімділіктің дәрежесін анықтайды.
Нәтиже	2.2. Жастар жыныстық тұрғыда сау	
1	АИВ-індеті бар жастардың саны мен %-ы	Индикаторлар жастардың жыныстық тұрғыдан даму деңгейін көрсетеді, аталған сұрақтардағы медициналық-педагогикалық іс-шаралардың тиімділігін сипайттайды.
2	Жыныстық жолмен жұқтырып алған жастардың саны мен %-ы	
3	Жастар арасында түсік жасату саны	
4	Жас отбасылар арасындағы ажырасу саны	Толыққанды отбасы физикалық, психикалық, эмоционалдық және интеллектуалдық тұрғыда даму үшін жағдайлар жасалатын орта болып табылады. Жастар арасындағы ажырасулардың саны жастар арасындағы отбасылық тәрбиелену деңгейін, отбасылық құндылықтарды ұстану деңгейін сипаттайды.
Нәтиже	2.3. Жас адамдар физикалық тұрғыда белсенді	
1	Спорттық алаңдардың саны	Дамыған спорттық инфрақұрылым салауатты өмір салтына қызығушылықтың жоғарылауына және спортпен шұғылданатын жастардың санының артуына сетігін тигізеді.
2	Спорттық секцияларға баратын жастардың саны мен %-ы	Аталған индикатордың шеңберінде спортпен шұғылданатын жастардың пайызын бағалауға және жастардың физикалық белсенділігінің деңгейін қадағалауға мүмкіндік беріледі.
3	Жастар спорттық секцияларға жиі барады (аптасына кемінде 3 рет)	Аптасына кемінде 3 рет спорттық секцияларға бару жастар арасында спортпен шұғылдану деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.
4	Жастар спортпен тұрақты түрде шұғылданады (күн сайын кемінде 1 сағат)	«Спортпен тұрақты түрде шұғылдану (күн сайын кемінде 1 сағат)» индикаторы жастардың салауатты өмір салтына деген қарым-қатынасын бағалауға мүмкіндік береді.
Нәтиже	2.4. Жастар есірткіге, алкогольге, шылым шегуге қатысты дұрыс таңдау жасайды	
1	Есірткі қолданатын жастардың саны мен %-ы	Бүкіл әлемде қоғам араққұмарлық, есірткі қолдану, таксикомания секілді әлеуметтік емес құбылыстармен күресі келеді. Араққұмар, есірткі және улағыш заттарды қолданатын жастардың санының өсуі қоғамның психологиялық және физикалық денсаулығының төмендеуі туралы мәлімет береді.

2	Токсикоманиясы бар жастардың саны мен %-ы	
3	Араққұмар жастардың саны мен %-ы	
4	Тыйым салынған есірткілерді қолданатын жастардың үлесі	
5	Жастар арасындағы шылым шегу	Индикатор жастардың салауатты өмір салтын ұстануға, зиянды әдеттерден құтылуға деген талпынысын көрсетеді.
Қосалқы индекс	3. Білім және бос уақыт	
№	Индикатордың атауы	Индикатордың мәні мен рөлі
Нәтиже	3.1. Жастар орта мектепте оқытудың ұлттық стандарттарына қол жеткізеді	
1	ҰБТ-да қажетті ұпай алған оқушылардың саны мен %-ы	Аталмыш индикатор орта білім беретін мекемелердегі білім сапасын қадағалауға мүмкіндік береді.
2	Жастардың мектеппен қанағаттанушылығы	Индикатор орта білім сапасы туралы қосымша ақпарат алуға көмектеседі.
Нәтиже	3.2. Жастар сапалы кәсіби білім мен даярлық алады	
1	ТКТ бойынша қажетті ұпай алған оқушылардың саны мен %-ы	Аталмыш индикатор шеңберінде кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын қадағалауға мүмкіндік туады.
2	Жұмысқа орналасқан ТКБ түлектерінің саны мен %-ы	Түлектердің жұмысқа орналасуы кәсіптік даярлаудағы маңызды аспектілердің бірі және білім беру жүйесінің сапа көрсеткіші болып табылады.
Нәтиже	3.3. Жастар өз келешегіне сенімді	
1	Жастар ертеңгі күніне сенімді	Қазіргі уақытта біз заманауы әлемде өмір сүреміз, ондағы қауіптер көп, сондықтан өзін қорғалған болып сезіну аса маңызды. Аталмыш индикатор жастардың ертеңгі күндегі сенімділігін анықтауға мүмкіндік береді.
Нәтиже	3.4. Жастар бос уақыты мен көңіл көтеретін іс-шаралардан рахат алады	
1	Шығармашылық үйірмелеріне баратын жастардың %-ы	Жастардың тұлға ретінде қосымша дамуы үшін бос уақытты әлеуметтік институттармен, әлеуметтік мәдениетпен өзара байланыста, пайдалы өткізу қажет. шығармашылық үйірмелерге бару жеке қажеттіліктер мен ұмтылыстарды қанағаттандыру нәтижесі болып табылады.
2	Бос уақытты өткізу іс-шараларымен қанағаттанушылық деңгейі	Мәдени іс-шаралар арқылы рухани, эстетикалық, интеллектуалдық даму тәрбиеленеді. Сондықтан өткізілетін мәдени іс-шаралар жастардың қызығушылықтарына жауап беруі қажет.

Қосалқы индекс	4. Қауіпсіздік және қорғалғандық	
№	Индикатордың атауы	Индикатордың мәні мен рөлі
Нәтиже	4.1. Жастар зорлықтан және зияннан қорғалған	
1	Қылмыстардың құрбаны болған жастардың саны мен %-ы	Қауіпсіздік қоғам дамуының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Жас адамның өміріне қандай да бір қауіптің жоқтығы адам өмірі мен денсаулығына қатысты қауіптерден қорғалу туралы мәлімет береді.
2	Жетімдер мен ата-ананың камқорлығынсыз қалған балалардың саны	Аталмыш индикатор жетімдер мен ата-ананың камқорлығынсыз қалған балаларға назарды күшейту және мемлекеттік қолдаудың қосымша шараларын жасау қажеттілігі бар өңірлерді анықтауға мүмкіндік береді.
3	Қауіпсіздік мәселелерінде жастардың көңіл-күй деңгейі	Аталмыш индикатор өңір жастарының субъективті қауіпсіздік сезімін анықтауға мүмкіндік береді, ол қылмыстардың құрбандары болған жастардың саны мен %-ы бойынша статистика мәліметтеріне қосымша болып табылады.
Нәтиже	4.2. Жастар кездейсоқ өлім мен жарақаттардан қорғалған	
1	Жазатайым жағдайлардың (жарақаттар, кездейсоқ улану, ЖКО) нәтижесінде қайтыс болғандардың саны және жастардың өлу деңгейі	Жазатайым жағдайлардың нәтижесінде қайтыс болғандардың санының өсуі өмірдің түрлі салаларындағы қауіпсіздік мәселелерінің қанағаттанарлықсыз күйі туралы мәлімет береді.
Нәтиже	4.3. Жастар жәбірленуден және кемсітуден қорғалған	
1	Жәбірленген және булингке ұшыраған жастар	Өзін-өзі құрметтеуді, өзін-өзі бағалауды қалыптастыру кезінде отбасы ғана емес, қоршаған құрдастардың да рөлі үлкен. Құрдастарының пікірі бозбалалық шақта маңызды болып келеді және де баланың ұжымдағы мәртебесіне әсер етеді. Индикатор жастардың құрдастары арасындағы қауіпсіздік деңгейін көрсетеді.
Нәтиже	4.4. Жастар әртүрлі мәдениеттерді, діндерді және елдерді құрметтейді	
1	Кемсітушілікке ұшыраған жастардың саны мен %-ы	Индикатор жастардың қандай да бір ұстанымды таңдау және сол ұстанымын ашық ақта алу мүмкіндігінің дәрежесін анықтайды.
2	Қазақ тілі мен мәдениетін білу деңгейі	Қазақ тілі мен қазақ халқының мәдениетін білу еліміздің әрбір азаматының патриоттық парызы болып саналады. Индикатор жастардың қазақ тілі мен мәдениетін білуі негізінде бірігу дәрежесін көрсетеді.
3	Отансүйгіштік деңгейі	Индикатор жастардың өмірлік ұстанымдарының белсенділігін, қоғамдағы өзінің арналуын ұстануын, жастардың Отан алдындағы парыздарын орындау қажеттілігін түсінуін анықтайды.
4	Жастардың діндік ахуалмен қанағаттанушылық деңгейі	Қазіргі уақытта дәстүрлі емес діни ағымдардың дамуы мен өз қатарларына жастарды белсенді тартатын радикалды діни қауымдастықтардың пайда болуы мәселесі аса көкейкесті болып отыр. Индикатор жастардың бұл тақырыпқа тартылу дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді, жастар ортасындағы діни ахуалға қатысты шиеленісушілікті субъективті тұрғыдан анықтайды.

5	Ауызбіршілік деңгейі	Индикатор жастарды қандай да бір құндылықтар қаншалықты біріктіретіндіктерін, жастар өздерін ұжымның бір бөлігі ретінде қаншалықты сезінетіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді.
6	Өткізіліп жатқан мемлекеттік жастар саясатымен қанағаттанушылық деңгейі	Жастардың пікірлері жастар саясаты институттарына қандай да бір мәселеге назарды шоғырландыруға, өз жұмыстарында қазіргі заманғы жастардың қажеттіліктеріне жауап беруге тырысуға көмектеседі.
Қосалқы индекс	5. Оң үлес қосу және қатысу	
№	Индикатордың атауы	Индикатордың мәні мен рөлі
Нәтиже	5.1. Жастар қоғамның белсенді мүшелері	
1	Әрекет ететін жастар ұйымдарының саны	Индикатор жастардың азаматтық, шығармашылық, кәсіпкерлік белсенділігін, өздігінен ұйымдастырылуға қабілеттілігін сипайттайды.
2	Волонтерлық қозғалыспен айналысатын жастардың саны мен %-ы (айына 1 реттен көп)	Волонтерлықтың дамуы жастардың азаматтық белсенділігінің дәрежесін, оның әлеуметті мәселелерді шешуге кірісуін көрсетеді.
3	Балаларға және жастарға қызметтер ұсынатын ҰЕҰ саны	Индикатор жалпы қоғамның әртүрлі жастар санаттарының әлеуметтенуі үшін жағдай жасау саласындағы азаматтық белсенділігін сипаттайды.
Нәтиже	5.2. Жастар шешім қабылдау үдерісіне тартылған	
1	Барлық деңгейдегі мәслихаттардың жас депутаттарының саны мен %-ы	Индикаторлар жастардың шешімдерді қабылдауға қатысуын сипаттайды, бұл жастар үшін жасалған мүмкіндіктер туралы да, жастардың өздерінің жауапты болуға, көшбасшылық қасиеттерді танытуға, басқарушылық құзыреттерге ие болуға деген дайындығы туралы да мәлімет береді.
2	Жас мемлекеттік қызметкерлердің саны мен %-ы	
3	Жетекші лауазымдағы жастардың саны мен %-ы	
4	Жастар кеңестерінің (ЖІК) және мектеп кеңестерінің саны	
Нәтиже	5.3. Жастар шешім қабылдайтын адамдардың оларға құлақ салғандарын сезінеді	
1	Қоғамдық кеңестердің жұмысына қатысатын жастардың саны мен %-ы	Индикаторлар жастарды толғандыратын мәселелер бойынша өздерінің пікірлерін айта алатын диалогтық алаңдардың болуын да, жастардың өздерінің белсенділігінің дәрежесін, олардың шешім қабылдайтын адамдармен диалогқа бару дайындығын да сипайттайды.
2	БӘЖ жұмысына қатысатын жастардың саны мен %-ы	

3	Жастар қабылданатын шешімдерге ықпалын тигізе алады	Индикатор жастардың олардың өмірінің түрлі салаларын анықтайтын шешімдерге ықпалын тигізе алу қабілеттілігінің субъективті бағасын сипайттайды және статистикалық мәліметтерге маңызды қосымша болып табылады.
Нәтиже	5.4. Жастар қылмыс жасаудан және қоғамға қарсы мінез-құлықтан ерікті жолды таңдайды	
1	Жастар жасаған, тіркелген қылмыстардың саны	Индикатор жастар ортасындағы әлеуметтік шиеленісушіліктің дәрежесін, жастарды әлеуметтендіру жұмысының тиімділігін сипаттайды.
2	Жастардың әлеуметтік институттарға деген сенім дәрежесі	Индикатор жастар ортасындағы әлеуметтік институттарға жалпы сенім білдіруді сипаттайды, қалыптасқан ахуалды жақсартып өзгерту бойынша іс-шаралар қабылауға мүмкіндік береді.

«Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексін есептеу әдістемесі

1-қадам.

Әрбір жеке индекстің мәні әлеуметтік индикаторлардың негізінде есептеледі.

1) Индекстердің есебі мынадай түрде жүргізіледі:

